

Қасиетіндегі міндетіндегі психологиялық қолдану қасиетін



Мазмұны

Кіріспе

I. Жасөспірімдерге мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру

1.1. Мамандық таңдаудың қазіргі ғылымда және тәжірибеде қарастырылуы

1.2. Жасөспірімдерге мамандық таңдауға ықпал ететін факторлар

1.3. Жасөспірімдердің мамандық таңдауының басты түрткілері

II. Жасөспірімдердің мамандық таңдауда зерттеу эксперименттері

2.1. Жасөспірімдердің алдын ала мамандық таңдауын психологиялық диагностикадан өткізудің маңыздылығы

2.2. Жасөспірімдерге мамандық таңдауда темперамент және мамандық типтерінің рөлі

2.3. Жасөспірімдерге арналған түзету – дамыту техникалары


ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ



Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі.

Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек.




Мамандық – бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы. Әр адам мамадығын қарауы керек. Себебі мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Мамандық таңдауда ең бір мән беретін қасиет – ол мінез –құлық. Адам баласы мамандық таңдауда сол мамандықтың мінезгеде сәйкес келуі міндетті деп ойлаймын. Мінез таңдаған салаға үйлессе, жұмыс бабында да үлкен жетістіктерге жетелейтіні анық.

Мамандық таңдау кей жағдайда баланың жанұялық жағдайына, денсаулығына байланысты да болады. Ата-аналар балаларының болашақ мамандығы жөнінде ертерек ойлағаны жөн. Ертерек ойланып, белгілі бір мамандыққа баланы жастай баулыса, ол баланың еңбекке көзқарасын қалыптастырып, бейімділігін арттырады. Егер ата-ана мен баланың және мұғалім, тәрбиешінің оқушының болашақ мамандығы туралы пікірлері үйлессе, онда мамандық таңдаушы қателеспеген болар еді.



Мамандық таңдау-белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, тіршілік көзі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезеңде қабылданатын жауапты шешімдердің біреуі. Осы арада мамандық таңдауға ықпал ететін негізгі 7 факторды ескере кеткен жөн.





## **Мамандық таңдаудың мынадай ережелерін есте сақтаған жөн:**

- Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет;
- Өзін-өзі зерттеу маңызды (қызығулар, мінез ерекшеліктері, бейімділіктер, өзін-өзі бағалау, талаптану деңгейі);
- Өзіне ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауы тиіс;
- Таңдаған мамандықты зерттеу;
- Таңдаған мамандық бойынша өз күшін байқап көру;



Мамандық таңдау мотивтерін анықтауға арналған көптеген әдістемелер бар. Оларды қолданып зерттеу жүргізу нәтижесінде балалардың мектеп бітіру шағында мотивациялық сферасы өте нашар көрініс беретіндігі анықталған. Бұл жағдай мектеп түлектерінің қалаулары анықталмастан, болашақ өмір жолын анықтауға өздері үлес қосуға шамасы келмейтіндігін көрсетіп отыр.

Жеке адамның басқа психикалық қасиеттері де өзара тығыз байланыста болады. Осы байланыстылықты былайша көрсетуге болады:

қажеттіліктер - қызығушылықтар - объективті  
құндылықтар - мотивтер - мақсат - таңдау.

**Темпераменттің төрт түрі белгілі. Темперамент түрлері мен оларға қандай мамандық жарасатыны туралы мәлімет.**

- Сангвиниктер менеджер, мұғалім, дәрігер, психолог, тәрбиеші, ұйымдастырушы, сатушы, даяшы, инженер-технолог т.б. мамандықтарды иелене алады.
- Флегматиктер механик, электрик, инженер, агроном, жүргізуші, ғылыми – ботаник, астроном, физик, математик т.б. мамандық иелері бола алады.
- Холериктерге әртіс, дипломат, журналист, кәсіпкер, хирург, ұшқыш, диспетчер, жүргізуші, тренер, менеджер, құрылысшы, режиссер, аспазшы, геолог, электрик т.б. мамандықтар жарасады.
- Меланхоликтерге педагог, суретші, тігінші-модельер, бояушы, сазгер, жазушы, мал дәрігері, геолог, агроном, зоотехник, есепші, радиомеханик т.б. мамандықтар сай келеді.

## **Д.Голландтың кәсіби-тұлғалық типін анықтау тесті**

Мақсаты: Тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау және кәсіби типін бағалау. Оқушыларға өздерінің кәсіби-тұлғалық типін анықтау қорытындысын айтып, ұсынылған мамандықтармен таныстыру. Анықталған әлеуметтік типі бойынша мінез-құлық ерекшеліктері туралы айтып беру. Таңдаған мамандығы мен мінез-құлық ерекшеліктерін салыстыра отырып, кеңес, ұсыныстар беру.

Мамандықтар бойынша ағарту жұмысын жүргізу және кәсіби бағдар беру жұмысының мәні өте терең. Өйткені әр мектеп бітіруші өзінің болашақ мамандығын жекелік психофизиологиялық ерекшеліктеріне сай анықтағанда ғана олар мамандық қызметінде табысты болады. Сондықтан мектеп психологиялық қызметінің міндеттерінің бірі - балаларға мамандықты дұрыс таңдатуы болып табылады.

*Назарларыңызға*

*РАҚМЕТ!!!*